




ТҰЖЫРЫМДАМА

ЖАСТАР ДЕНСАУЛЫҚ ОРТАЛЫҚТАРЫНДА (ЖДО) ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН КІРІКТІРІЛГЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЕНГІЗУ

Жобаның ұзақтығы:



қыркүйек 2022 –
тамыз 2023
12 ай

Мақсатты топ:



**10–19 жастағы
Жасөспірімдер**

Жалпы шығын:



65,000 US\$
1 жыл ішінде

Жобаның географиясы



Жоба доноры:

Қазақстан Республикасындағы БҰҰ-ның
Балалар қоры (ЮНИСЕФ)

Серіктестер:

ҚР ДСМ Қоғамдық денсаулық сақтау
Ұлттық орталығы (ҚР ДСМ ҚДСҰО)
Жастар денсаулық орталықтары Damumed





ЖАҒДАЙДЫ САРАПТАУ

Қазақстанда цифрлық онлайн-платформалар/порталдар/хабтар арқылы қашықтан медициналық және әлеуметтік қызметтер көрсету жүйесін дамытуға арналған үкіметтің саяси қолдауы мен қажетті нормативтік базаны қоса алғанда, барлық алғышарттар бар. 2020 жылғы шілдеде Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы мен денсаулық сақтау жүйесі туралы» жаңа кодексінде телемедицина мен қашықтықтан көрсетілетін медициналық қызметтер туралы ережелер қамтылған. Кодекске сәйкес, ЮНИСЕФ-тің қолдауымен, «Қашықтан медициналық қызметтер көрсету тәртібі туралы» және «Оннан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың және жастардың репродуктивтік және психикалық денсаулығын қорғау бойынша медициналық көмек ұйымдастыру ережелерін бекіту туралы» 2 салалық бұйрық әзірленді.

Елде Жастар денсаулық орталықтары (ЖДО) желісі қызмет етеді, дегенмен COVID-19 инфекциясының күрт тарауы олардың әлеуеті мен төзімділігінің төмендігін анықтады. Көбіне жасөспірімдерге қызмет көрсету қағаз жүзіндегі сипатта болады, ол тым медициналанған және жастарды тартуға мүмкіндіктер бермеді. Бұл қызметтер сапасының төмен болуына және тек ауқымды қамтуға қол жеткізуге бағытталуына алып келеді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының анықтамасы бойынша жасөспірімдік жас - бұл 10 мен 19 жас аралығындағы балалық шақ пен ересек өмір арасындағы өмір кезеңі. Бұл даму кезеңі мықты денсаулық негіздерін қалыптастыруға аса маңызды. Ересектердің денсаулық әлеуеті көп жағдайда жасөспірімдік кездегі жағдайында өзгерістерге сәйкес қалыптасады. Қазақстанда жасөспірімдердің денсаулығындағы проблемалар көбінесе елде денсаулық сақтау жүйесін аурулардың алдын-алуға тиісті қайта бейіндеу жүргізілмегендігінен болуда.

Жасөспірімдердің денсаулығын сақтау саласында онлайн-платформалар арқылы қызмет көрсету балалар, жасөспірімдер, ата-аналар/қамқоршылар, отбасылар мен халықтың мейлінше осал топтарын қоса алғанда, тұтас қауымдастықтар үшін профилактика қызметтеріне қолжетімділікті кеңейтуге мүмкіндік берер еді. Денсаулық сақтау қызметтеріне қолжетімділікті кеңейту ТДМ 3 қол жеткізуді жеделдетуге мүмкіндік береді.

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ТУУ КӨРСЕТКІШІ


2021 жылдың халық санағына сәйкес Қазақстанның 10-19 жас аралығындағы жасөспірімдер саны 16% (**3 033 722**) құрады, оның **51%-ы ұлдар, 49%-ы қыздар**. Жасөспірімдер санының өсу қарқыны Қазақстанда 2009 жылмен салыстырғанда 2021 жылы жоғары және 9%-ды құрайды.

Жасөспірімдердің денсаулығының әлеуметтік маңыздылығы олардың қоғамдық репродуктивті, зияткерлік, әлеуметтік және экономикалық әлеуетін көрсетуінде жатыр.

Ел халқының территориялық орналасуының сипаттамасына сәйкес жасөспірімдер мен жастардың ең көп тобы халықтың жоғары тығыздалған жерлерінде тұрып жатыр: 13,4% - Түркістан облысында, 10,9% - Алматы және 9% сәйкесінше - Алматы қаласында.

2009-2022 жылдар аралығында 15-24 жас аралығындағы тұлғалар саны іс жүзінде елдің барлық өңірлерінде өскенін атап өткен жөн, атап айтқанда Қазақстанның оңтүстік (Түркістан, Алматы, Жамбыл және Қызылорда облыстарында) және батыс өңірлерінде (Батыс Қазақстан облысы, Ақтөбе, Атырау және Маңғыстау облыстарында).





2000-2020 жылдар аралығында Қазақстандағы жасөспірімдердің (15-19 жас) өлім-жітім себептерінің сараптамасы осы жас ерекшелік тобындағы негізгі себеп (барлық жағдайлардың 72%-ы) жазатайым жағдайлар, улану және жарақаттану болатынын көрсетті. Одан кейін ісіктердің пайда болуы - 9,7%, қан айналымы жүйесінің аурулары - 7,3%, тыныс алу органдарының ауруы - 4,8%, ас қорыту аурулары - 3,4%, кейбір инфекциялық және паразитарлық аурулар - 2,4% (1 кесте).

Жасөспірімдер мен жастар жас ерекшеліктеріне байланысты тәуекелді мінез-құлыққа бейім, сондықтан өлімнің көптеген жағдайлары кездейсоқ жарақат, жазатайым оқиға, өлтіру нәтижелерінен болады. Мұндай қолдан жасалған өлім себептерінің алдын алуға болушы еді. Ұлдар мен қыздар арасындағы өлім-жітімнің де айтарлықтай айырмашылығы бар – ұлдардың өлімі қыздардың арасындағы өлімнен 2 еседен асады. 2020 жылы суицидтен өлу көрсеткіштері 15-19 аралығындағы жас ерекшелік тобында 100 мың адамға 8,2 жағдайын құрады, 20-24 жас аралығындағы - 100 мың адамға 12,4 жағдайын құрады.

Жасөспірімдер мен жастардың денсаулығын сақтау және нығайту саласындағы негізгі проблема жарақаттанудың жоғары пайызы, құнарсыз тамақтану, дене белсенділігінің жеткіліксіздігі, психикаға әсер ететін заттарды пайдалану, репродуктивті, сондай-ақ психикалық денсаулықты сақтау болып табылады.

TransMonEE-дің зерттеулеріне сәйкес сифилиспен және гонорейямен ауыру санының тұрақтануына және айтарлықтай төмендеуіне қарамастан, ҚР деректеріне сәйкес, жыныстық жолмен берілетін инфекциялар жағдайы аса күрделі болып қалуда, себебі ауыру деңгейі әлі де айтарлықтай жоғары және дамыған елдердегі мұндай жағдайлардан ондаған есе асып кетеді.

Жасөспірімдердің жүктілік көрсеткіші – бұл әйелдер мәртебесінің ерекше көрсеткіші, себебі ерте жүкті болған әйелдер көбінесе білім алу мүмкіндігін жоғалтады және денсаулығына жоғары қауіп-қатерге тап болады. Осылайша, ҚР жасөспірімдер мен жастарының репродуктивті және сексуалды денсаулығын зерттеген кезде, 2010 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі кезеңде 15-19 жас аралығындағы жасөспірімдер арасындағы бала туу көрсеткішінің төмендеуі 1000 әйелдің ішінде 28,3-тен 22,9 дейінгі аралықта болғаны анықталған, 3-кестеде келтірілген. Атап айтқанда, айтарлықтай төмендеу келесі өңірлерде анықталған: Атырау (42,4-тен 25,0-ге), Ақмола (33,4-тен 18,0-ге), Солтүстік Қазақстанда (31,2-ден 18,0-ге), Астана қ. (22,6-дан 10,7-ге), Қарағанды (29,3-тен 17,7-ге), Батыс Қазақстанда (26,1-ден 15,8-ге) төмендеген. Жоғары көрсеткіш, республикалық көрсеткіштен жоғары Түркістан облысында (33,4), Маңғыстау (33,1), Жамбыл (33,2%), Алматы (26,7), Атырау облыстарында (25,0) сақталуда (2 кесте).



15-19 жас аралығындағы жасөспірімдер мен жастардың репродуктивті денсаулығы жағдайын, олардың сексуалды мінез-құлығы және репродуктивті денсаулығын сақтау саласындағы қызметтер мен ақпаратқа қол жеткізуді зерттеу жөніндегі әлеуметтік зерделеу нәтижелері (ЮНФПА):

- 15-19 жас аралығындағы жыныстық қатынас тәжірибесі бар жастар үлесі осы жас ерекшелік тобындағы жастардың үштен бірін құрайды – 29,4%, мұның өзінде 20,9%-ы жыныстық қатынасқа 18 жасқа дейін, яғни кәмелет жасқа толғанға дейін түскенін атап өткен.
- жыныстық қатынас басталуының орташа жасы 16,5 жасты құрайды, айырмашылық гендер бөлігінде байқалады: бозбалалар бойжеткендерге қарағанда мейлінше ерте жаста жыныстық қатынасқа түседі. Жыныстық серіктің бірден көп болуы – мұндай қауіпті мінез-құлықты 15-19 жас аралығындағы жастардың 44,1%-ы көрсетті. Гендер бөлігінде айырмашылықтар байқалды: қыздарға қарағанда жас жігіттер соңғы 12 айда жыныстық серіктерін айтарлықтай жиі ауыстырған.
- 15-19 жас аралығындағы жастардың тек 9,1%-ы ғана АИТВ/ЖҚТБ туралы бес сұрақтың бәріне дұрыс жауап берген. Басым көпшілігі – 91% АИТВ/ЖҚТБ жайлы толыққанды деңгейде хабардар емес.
- мүшеқап пайдалану туралы дұрыс білімді (қажетсіз жүктіліктің алдын-алу және жыныс жолдарымен берілетін инфекцияларды/АИТВ жұқтыру қаупін төмендету) 15-19 жас аралығындағы жастардың тек 34,4%-ы көрсеткен. Осылайша, респонденттердің көпшілігі -66%-ы мүшеқап қолдану арқылы қажетсіз жүктіліктің және жыныс жолдарымен берілетін инфекцияларды/АИТВ жұқтырудың алдын-алу туралы хабардар емес.
- 15-24 жас аралығындағы жас әйелдер мен қыздар және, атап айтқанда, 15-19 жастағылар АИТВ жұқтыруды алдын алудың барлық жолдары туралы және АИТВ-ға қатысты барлық қателесушіліктер туралы одан жоғары жастағы әйелдерге қарағанда көбіне нашар ақпараттандырылған.

ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ЖАСАНДЫ ТҮСІК САНЫ

Ресми статистикалық деректерге сәйкес 15-19 жас аралығындағы жастар арасында түсік жасау жағдайлары жыл сайын артуда, 2020 жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш республика бойынша **1122 жағдайды құрады**. Ең көп жағдайлар келесі өңірлерде байқалады: Түркістан (**169 жағ.**), Алматы (**129 жағ.**), Қарағанды (**106 жағ.**), Қостанай (**99 жағ.**), Жамбыл (**83 жағ.**), Шығыс Қазақстан (**76 жағ.**).

2020 жылы Қазақстан Республикасында түсік тастаудың таралу факторының әлеуметтік-экономикалық сараптамаларының деректері бойынша орта есеппен 15-19 жас аралығындағы 100 қыздың 3-еуі жүкті болады және сол жүктіліктің 15%-ы абортпен аяқталады. Бұл жерде ауылдың жүкті қыздары жиірек босанады, сәйкесінше, олардың арасында қалалықтарға қарағанда түсік тастау азырақ. 81% жасөспірім қыз бала медициналық ұйымдарға жүктіліктің ерте мерзімінде (гестацияның 12 аптасына дейін) жүгінген және 53,7% жағдайда оларға аборт кюретаж хирургиялық әдісімен жүргізілген. Жүкті жасөспірімдердің жартысынан көбі (58,8%) жүктілікті шұғыл тоқтату себебімен ауруханаларға жатқызылған. Жасөспірімдер арасында өздігіннен болған аборт (түсік) 69,9% жағдайда тіркелген, аборттан кейінгі асқыну 17,5%-да байқалған.

Темекі тарту Қазақстанда жасөспірімдердің мінез-құлқындағы келеңді мәселе болып қала беруде. 2018 жылы Қазақстанда жасөспірімдер арасында темекі мен электронды темекі шегу бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша 15 жастағы ұлдардың 10,1%-ы, 15 жастағы қыздардың 6,3%-ы өмірінде кем дегенде бір рет шылым шеккен. Темекі тартуды тәжірибесі бар жасөспірімдер үлесі жастары өскен сайын ұлдар арасында да, қыздар арасында да үш есе ұлғаяды (11 жастан 15 жасқа жақындағанда), бұл ретте 13 жастан бастап 15 жас аралығындағы кезеңде көрсеткіштер айтарлықтай ұлғаяды. Ауылдық жерлерде тұратын жасөспірімдер қаланың жасөспірімдеріне қарағанда сиректеу темекі шегеді. Электронды темекі тартатындар саны да жасы ұлғайған сайын артады, бұл әсіресе ұлдарда ерекше байқалады. 15 жаста 14% ұл және 6% қыз бала электронды темекіні 1-2 және одан да артық күн шеккендері туралы айтқан.





ЖОБАНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Қазақстанда соңғы уақытқа дейін денсаулық сақтау, психикалық-әлеуметтік қолдау көрсету және жасөспірімдердің әл-ауқаты саласында тиімді жұмыс істейтін, халықтың осы тобына қолжетімді және шынайы ақпараттың әмбебап көзі болатын онлайн қызметтер болмаған. Қолданыста бар онлайн қызметтер бөлшектелген және мемлекет, жекеменшік сектор, халықаралық ұйымдар қолдайтын бірыңғай көпмақсатты, кешенді платформа аясында кіріктірілмеген. Жасөспірімдердің денсаулығы саласындағы онлайн қызметтерді масштабтау және енгізу елдік және өңірлік деңгейде әлеуметтік өзгерістерді бастамалауға және жасөспірімдер денсаулығына, отбасылық әл-ауқатқа, білім беруге және әлеуметтік қызметке назар арттыруға мүмкіндік береді.

2021 жылы Damumed онлайн платформасы және ілестірмелі мобильді қосымшасы арқылы жасөспірімдерге арналған КҚМӘҚ сынамалы түрде енгізу мақсатында ЮНИСЕФ, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі және «Дамумед» ЖШС арасында бірлескен меморандумға қол қойылды. Келешекше платформа онлайн оқыту, ақпарат, ресурс беруді қоса алғанда, қашықтан көрсетілетін қызметтерге тікелей қолжетімділіктен басқа да бірқатар салаларды қамтуы тиіс.

Платформа жасөспірімдердің қажеттіліктерін, мұқтаждықтары мен сенімін ескеруге мүмкіндік беретін консультациялар аясында олармен тұрақты өзара әрекет ету арқылы дамуы тиіс. Платформаны дамыту деген жасөспірімдердің өмірге төзімділік, өмірлік дағдыларын, құзыреттіліктерін қалыптастыру стратегияларының

бөлігін және олардың жалпы денсаулықтарын, ал ұзақ мерзімді перспективада - әлеуметтік институттар жүйесіне денсаулық пен әл-ауқат басымдығын енгізуге әсер етуді білдіреді. Қазақстанда жүзеге асырылған платформаның функционалды моделі Еуропа мен Орталық Азияның басқа елдерінде енгізудің түпұлгісі/ұлгісі болады деп жоспарлануда.

2022 жылы қашықтан көрсетілетін қызметтерді бастамалық енгізу шеңберінде ЮНИСЕФ Түркістан облысының әкімдігімен жұмыс жоспарын жасасты, онда облыстың 9 ЖДО-да қашықтан көрсетілетін қызметтерді сынамалы түрде енгізу туралы бұйрық шығарылды.

Жобаның негізгі мақсаты жасөспірімдердің сапалы денсаулық сақтау қызметтеріне, психикалық-әлеуметтік қолдауға және ересек өмірге сәтті өтуге арналған ақпаратқа қолжетімділігін кеңейту болды. Жобаны жүзеге асыру аясында ЖДО мамандарының әлеуетін арттыру мақсатында «Жасөспірімдерге кіріктірілген қашықтан медициналық-әлеуметтік қызмет көрсету» оқу құралы әзірленді. Оқу құралын тәжірибеде пайдалану жасөспірімдер жүгінетін, мейлінше жиі кездесетін проблемалар бойынша онлайн режимде қашықтан медициналық қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Оқу құралы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ), Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қорының (ЮНИСЕФ) БҰҰ Халықтың қоныстану қорының (ЮНФПА) ұсыныстары негізінде құрылды.



Кездескен кедергілер мен шектеулерге қарамастан, бастамалық жоба алға қойылған мақсаттарды жүзеге асыруда өзінің тиімділігін көрсетті:

- Алғаш рет елде жасөспірімдерге арналған қашықтан көрсетілетін кіріктірілген медициналық-әлеуметтік қызмет көрсетудің шынайы жұмыс істейтін тұжырымдамасы әзірленді және жүзеге асырылды;
- Қашықтан медициналық-әлеуметтік қызмет көрсету үшін 9 бастамалық Жастар денсаулық орталығы (ЖДО) құрал-жабдықпен жабдықталды;
- «Жасөспірімдерге кіріктірілген қашықтан медициналық-әлеуметтік қызмет көрсету» оқу құралы әзірленді. Оқу құралын тәжірибеде қолдану мейлінше жиі кездесетін, жасөспірімдер жүгінетін проблемалар бойынша тәжірибеде қашықтан, онлайн режимде медициналық қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Оқу құралы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ), Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қорының (ЮНИСЕФ) БҰҰ Халықтың қоныстану қорының (ЮНФПА) ұсыныстары негізінде әзірленді;
- Түркістан облысының ЖДО мен БМЖЖ-нің 100 маманының (жалпы тәжірибелік дәрігерлер, психологтар, акушер-гинекологтар, урологтар, әлеуметтік жұмысгерлер және т.б.) қашықтан медициналық-әлеуметтік қызмет көрсету әлеуеті арттырылды;
- Бастапқы консультация беру тұжырымдамасы жүзеге асырылды. ЖДО-ға онлайн платформа арқылы жүгінген кезде бастапқы кеңес беру аясында жасөспірімнің қажеттіліктері стандартты сауалнаманы пайдалану арқылы бағаланды.

Жасөспірімді ЖДО-ның және БМЖЖ-нің бейінді мамандарына қайта бағыттау бастапқы кеңес беру нәтижелері бойынша жүргізілді, бұл тар бейінді мамандардың қатысуын талап етпейтін жүгінулерді тиімді сұрыптауға мүмкіндік берді.

- ЖДО-ның бастапқы кеңес беру, онлайн қызметтер үшін төлем жүргізу және ЖДО-ның қамту географиясын қоса алғанда, қашықтан қызмет көрсетудің нормативті-құқықтық базасын одан әрі жетілдіру үрдісі бастама алды;
- Траблшутинг жүргізілді және жолдамасыз қашықтан қызмет көрсету орны ретінде жастар денсаулық орталықтарын үйлестіру және енгізуді қоса алғанда, онлайн платформада техникалық мәселелер пысықталды;
- Тестілік режимде 10-19 жас аралығындағы жасөспірімдерге 195 онлайн консультация көрсетілді.

Тұрақты нәтижелерге қол жеткізу үшін елдің басқа өңірлерінде жасөспірімдерге кіріктірілген қашықтан медициналық-әлеуметтік қызмет көрсету аясын одан әрі кеңейту қажет. Мұнымен қатар жасөспірімдердің ЖДО-да қашықтан қызмет көрсетудің (онлайн кеңес беру) қолжетімділігі туралы хабардар болуын арттыру қажет. Ол үшін жасөспірімдерге сапалы медициналық-әлеуметтік (соның ішінде құпия түрде), сонымен қатар денсаулық сақтау, әл-ауқат және даму жөнінде қызмет көрсететін ынтымақтастықты ұйым ретінде ЖДО-ның имиджін одан әрі нығайту қажет. Жасөспірімдер жас ерекшелігіне қарамастан, ЖДО-ынан ата-анасының хабарландырылған келісіміне қарамастан, бастапқы консультация алу (соның ішінде құпия түрде) мүмкіндігі бары туралы білуі тиіс.





ЖОБАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ



Мақсаты:

Елдің 5 өңірінде (Алматы, Қарағанды, Қызылорда, Шығыс Қазақстан облыстарында және Алматы қ.) жасөспірімдерге (АИТВ-мен және өзге де созылмалы аурулармен ауыратын жасөспірімдерді қоса алғанда) арналған кіріктірілген қашықтан денсаулық сақтау және психикалық-әлеуметтік қызмет көрсетуді енгізу.



Күтілетін нәтижелер:

- Жасөспірімдер кіріктірілген қашықтан қызмет көрсету (онлайн-консультация жасау) және оларды ЖДО-да алу мүмкіндігі туралы біледі
- Жасөспірімдер денсаулығы мен әл-ауқатына қатысты проблемалар туындаған жағдайда қашықтан қызмет алуға жүгінуге уәждеделген
- ЖДО-ға қашықтан қызмет алу үшін жүгінетін жасөспірімдер саны арты.
- Жасөспірімдерге сапалы медициналық-әлеуметтік (соның ішінде құпия түрде), сонымен қатар денсаулық сақтау, әл-ауқат және даму жөнінде қызмет көрсететін дос ұйым ретінде ЖДО-ның имиджі артты.
- ЖДО-ның жасөспірімдерге қашықтан қызмет көрсету бөлігінде нормативті-құқықтық базасы пысықталды
- ЖДО-ның 150 маманы АИТВ-мен өмір сүріп жатқан жасөспірімдерді қоса алғанда, жастарға кіріктірілген қашықтан қызмет көрсетуге (психикалық-әлеуметтік қолдау көрсету, стигманың алдын-алу, педиатрлықтан ересек қызметке өтуге дайындық, созылмалы аурулармен ауырғандардың өзін-өзі басқаруы) оқытылды
- Елдің 5 өңірінде 30 Жастар денсаулық орталығы (ЖДО) қашықтан медициналық-әлеуметтік қызметтер көрсетуге қажетті құрал-жабдықпен жабдықталды
- Жобаны жүзеге асыру тәжірибесі case study форматында құжатқа түсірілді және қоғамдық науқан және қашықтан қызмет көрсету мәселесіне назар аудару мақсатында үкіметке жолданды





Іс-шаралар:

- Үйлестіру, қоғамдық науқан өткізу және хабардар болуды арттыру;
- Біліммен және ақпаратпен алмасу;
- ЖДО-нда жасөспірімдерге арналған қашықтан көрсетілетін медициналық-әлеуметтік қызметтерді кіріктіру (КҚМӘҚ);
- Әлеуметтік мобилизация, диалог және мейлінше осал топтарды/қауымдастықтардың тарту;
- ЖДО мамандарын қашықтан қызмет көрсетуге оқыту және әлеуетін арттыру;
- ЖДО-дың нормативті-құқытық базаларын одан әрі жетілдіру;
- Жасөспірімдердің денсаулық және әл-ауқат туралы ақпаратқа онлайн қол жеткізуін арттыру;
- ЭМСҚ арқылы қызметтерге төлем жасау механизмін енгізу арқылы ЖДО жұмысын коммерцияландыру.



Қысқа мерзімді нәтиже:

- ЖДО-ның жасөспірімдерге қашықтан медициналық-әлеуметтік қызмет көрсету (КҚМӘҚ) әлеуеті бар;
- Жасөспірімдердың (ұлдар мен қыздардың), мейлінше осал топтарды қоса алғанда, медициналық-әлеуметтік қызметтерді қашықтан (онлайн) алуға мүмкіндігі бар;

- Жасөспірімдер (ұлдар мен қыздар), мейлінше осал топтарды қоса алғанда, кіріктірілген қашықтан көрсетілетін қызметтер туралы (онлайн консультациялар) хабардар болуын арттырды;

- Сапалы медициналық-әлеуметтік қызмет, сондай-ақ денсаулық, әл-ауқат және даму жөніндегі мәселелер бойынша ақпараттандыру қызметін көрсететін жасөспірімдерге жақын ұйым ретінде ЖДО-лардың имиджі көтерілді.



Аралық нәтиже:

- ЖДО-да жасөспірімдерге үздіксіз қашықтан медициналық-әлеуметтік қызмет көрсетуге қажетті ресурстар мен білім барын және жоғары саяси жақтаушысын қоса алғанда, жағымды орта қалыптастырылған;
- Жасөспірімдер (ұлдар мен қыздар), ЖДО-ға сенім білдіреді және үнемі, стигмадан қорықпай, жеке мәселесі туралы пікір жайылады деп қорықпай, ЖДО-ға қызмет алуға онлайн жүгінеді.



Қорытынды нәтиже:

- Балалар мен жасөспірімдер денсаулықты қорғау және тамақтану саласында әділетті таратылатын жоғары сапалы қызмет нәтижелерін кеңінен пайдаланады және олардың денсаулығын сақтауға, әл-ауқатына, қауіпсіздігіне және таза қоршаған ортада өмір сүруге мүмкіндік туғызатын өмір салтын жүргізуде.



БАСТЫ ІС-ШАРАЛАР



Түркістан облысында үлгіні бастамалық етудің сәтті тәжірибесі негізінде кіріктірілген қашықтан қызмет көрсетуді енгізу тұжырымдамасын әзірлеу



ЖДО-ның жасөспірімдерге кіріктірілген қашықтан қызмет көрсету бөлігінде қолда бар нормативті-құқықтық базасына баға беру, оны үкімет пен өзге де ұлттық серіктестер үшін одан әрі жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу



Коммуникациялық стратегия әзірлеу және жасөспірімдер арасында ЖДО негізінде кіріктірілген қашықтан қызмет көрсетуді танымал ету мақсатында ақпараттық кампания жүргізу



ЖДО-ның 150 маманын АИТВ-мен өмір сүріп жатқан жасөспірімдермен жұмыс жасау бойынша жекелеген сессиялар өткізуді қоса алғанда (психикалық-әлеуметтік қолдау көрсету, стигманың алдын-алу, педиатрлық қызметтен ересек қызметке ауысуға дайындық, созылмалы ауруларды өзі басқару), жасөспірімдерге кіріктірілген қашықтан қызмет көрсетуге оқыту



ЖДО-ның жасөспірімдерге кіріктірілген қашықтан қызмет көрсету бөлігінде нормативті-құқықтық базасын пысықтау мақсатында ұлттық жұмыс тобын (ЖТ) құру



Елдің 5 өңірінде 30 Жастар денсаулық орталығын (ЖДО) қашықтан медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуге арналған құрал-жабдықпен жабдықтау



Жобаны жүзеге асыру тәжірибесіне сырттай баға беру және case study форматында құжаттау





әрбір бала үшін
for every child
для каждого ребенка

 UNICEFKazakhstan

 unicefkazakhstan

 unicef_kaz

 www.unicef.org/kazakhstan